**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**
**Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ» ИНСТИТУТЫ**

**«ҚАРЖЫ» КАФЕДРАСЫ**

ЖАСБОЛАТОВА Н.Х., НҰРБОСЫНОВА Ж.Н

# «Қаржы» мамандығының бітіруші курстарының студенттеріне арналған дипломдық жұмыстарды орындау және қорғау бойынша әдістемелік нұсқаулық

Ақтау 2010

ӘОЖ 378: 336(076)

Құрастырған: Жасболатова Н.Х., Нұрбосынова Ж.Н. Дипломдық жұмысты орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар,- Ақтау: КМТжИ, 2010, 31 бет.

Сын пікір беруші: э.ғ.к. Саймагамбетова Г.А.

Әдістемелік нұсқау «Қаржы» мамандығының диплом алдындағы өндірістік тәжірибеден өтетін студенттеріне арналған. Әдістемелік нұсқауда дипломдық жұмыстың мақсаты,мәні, талаптары және жұмысты даярлау, орындау оны қорғау ережелері қарастырылған. Сонымен қатар,«Қаржы» мамандығының бітіруші студенттеріне арналған диплом жұмыстарының тақырыптары, ұсынылатын әдебиеттер тізімі, дипломдық жұмысты рәсімдеу формалары(қосымшалар) тіркелген.

Баспаға Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің оқу- әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды.

© Ш.Есенов атындағы КМТжИУ,2010

## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз……………………………………………………………...............................4
Жұмыстың мақсаты мен мәні.....................................................................…...............5
Дипломдық жұмысқа қойылатын талаптар……………………………........................7
Жұмысты даярлау…………………………………………………………......................8
Жұмысты орындау……………………………………………………….........................9
Жұмыстың мазмұны……………………………..............................................................9
Дипломдық жұмысты рәсімдеу……………………………………..............................14
Дипломдық жұмыстың сапасын және өткізу тәртібін бақылау……….......................15
Жұмысты қорғау…………………………………………………….…........................16
050509-«Қаржы» мамандығы студенттеріне арналған диплом жұмыстарының тақырыптары………………………………………………………….............................18
Ұсынылатын әдебиеттер………...………………………………………........................22
Қосымшалар.........................……………………………………………………………23

## Алғы сөз

Дипломдық жұмысты орындау студенттің жоғарғы оқу орнында оқуының аяқтаушы, жалпылаушы және қорытындылаушы кезеңі болып саналады. Қаржы мамандықтары бойынша диплодық жұмыс зертеу элементтері бар күрделі кешенді, коммерциялық банктерді алып оның қызметтеріне талдау жүргізе отырып, іс тәжірибелік біліктерін жүйелендіріп, кеңейту және сонымен қатар алынғалы тұрған мамандыққа сәйкес іс тәжірибелік жұмысқа дайындығымен деңгейін анықтау мақсатындағы ғылыми жұмыс.

Бұл әдістемелік нұсқаулардың мақсаты: студенттерге алдағы жұмыстың тақырыбын дұрыс таңдауда, әдебиеттерді іріктеу мен оқуда, дипломдық жұмысты дайындауда, орындауда, ресімдеуде және қорғауда көмек көрсету болып табылады.

Әдістемелік нұсқауларда жұмысты орындаудың бастапқы дайындық және аяқтаушы стадияларында студенттер үшін іс – тәжірибелік кеңестер беріледі.

Әдістемелік нұсқаулар бөлімдер бойынша құрылған. Бұл студентке жұмысты дайындаудың жеке бөліктерін орындау үрдісінде бар материалды тұтастай емес, ал сәйкесінше бөліммен дайындалуға мүмкіндік береді.

# I. ЖҰМЫСТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МӘНІ

Дипломдық жұмыс бұл дербес, теориялық материалдар, нақты мәліметтердің және оқу процесіндегі нәтижелер бойынша нақты қаржылық қатынастар сферасындағы және шаруашылық субъектілерінде, қаржы, салық, сақтандыру органдарында өндірістік тәжірибиелерден жинақтаған практикалық тәжірибиелердің аяқталған ғылыми-қолданбалы жиынтығы болып табылады.Дипломдық жұмыс университет түлегінің еңбек нарығындағы бәсекелестік қабілетін анықтайтын кәсіби жетілгендігін айғақтауы қажет. Қаржы саласындағы мамандарға қазіргі кезде жұмыс берушілер келесідей талаптар қояды:

- Жоғары кәсібилік;
- Интелектуалды және креативтік қызмет;
- өзін-өзі ұйымдастыру;
- мәтінмен жұмыс;
- коммуникативті сауаттылық;
- ой-өрістің жан-жақтылығы.

Дипломдық жұмысты орындау **мақсаты**:

1. Мамандық бойынша теориялық білімдерімен практикалық машықтарды жүйелеу, бекіту, кеңейту және нақтылы ғылыми, экономикалық және өндірістік міндеттерді шешу кезінде оларды қолдану.
2. Өзіндік жұмысты жүргізу машықтарын дамыту және әзірленетін проблемалар мен мәселелерді шешу кезінде ғылыми зерттеу және эксперименттеу әдісіне ие болу.
3. Қазіргі өндіріс пен ғылым жағдайларында, сондай-ақ оның кәсіби компетенциясы деңгейінде студенттің даярлығын айқындау.

Дипломдық жұмыстың мақсатын тұжырымдау нарықта экономикалық құбылыстар арасындағы заңдылықтарды талдау және табу жолымен проблемалық жағдайатты шешуге бағытталуы тиіс.

| |
|---|
| Мысал. «Қазақстан Республикасында бюджеттік қаражаттардың пайдалануына мемлекеттік қаржылық бақылау» дипломдық жұмыстың тақырыбы. |
| Дипломдық жұмыстың мақсаты-мемлекеттік қаржылық бақылаудың ұйымдастырылуын талдау және оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу. |

**Дипломдық жұмыстың міндеттері:**

1. Таңдап алынған тақырыптың сұрақтары мен проблемаларындағы теорияны білуін көрсету.
2. Жұмыс орны немесе өндірістік практикадан өту барысындағы жинақталған деректердің негізінде практикалық материалдармен жұмыс жасай алуының жетіктілігін көрсету (сырттай оқитындар үшін).
3. Түйіндер мен қорытындылауды жасау алуын көрсете білуі және экономиканы басқарудың әр түрлі деңгейлерінде қаржылық және шектес қатынастарды жетілдіру бойынша ұсыныстарды тұжырымдай білу.

4. Таңдалған тақырып бойынша теориялық және практикалық материалды сауатты және логикалық түрде баяндай алатындығын көрсету.

Міндеттерді айқын етіп тұжырымдау қажет, өйткені олардың мазмұны, тізбесі және орындау дипломдық жұмыстың тиісті бөлімдерінің құрылымы мен атауына тікелей әсер етеді.

| **Мысал. «Қазақстан Республикасында бюджеттік қаражаттардың пайдалануына мемлекеттік қаржылық бақылау» дипломдық жұмыстың тақырыбы.** |
|---|
| Дипломдық жұмыста мақсатын негіздей отырып, мынадай мәселелер қойылып, шешіледі:<br>-мемлекеттік қаржылық бақылауды ұйымдастырудың теориялық аспектілерін ашу;<br>-бюджеттік қаражаттарды пайдаланудың тиімділігін анықтаудағы мемлекеттік қаржылық бақылаудың қажеттілігін негіздеу;<br>-қаржылық ресурстарды бөлудегі бюджеттік қатынастар дамуының қазіргі жағдайын талдау;<br>-бюджеттік қаражаттарды пайдаланудың әлеуметтік және экономикалық салдарларын белгілеу;<br>-мемлекеттік қаржылық бақылауды ұйымдастыруды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу. |

Зерттеу обьектісі дегеніміз шаруашылық жүргізудің нақтылы субъектілердің экономикалық қызметі. Дипломды жұмыстың предметі оның тақырыбымен алдын ала анықталады, бақылау объекті дамуының перспективаларының жиынтығын сипаттайтын шаруашылық-экономикалық қатынастардың зерделеуге авторлық тәсілдемені бейнелеп көрсетеді.

| **Мысал. «Қазақстан Республикасында бюджеттік қаражаттардың пайдалануына мемлекеттік қаржылық бақылау» дипломдық жұмыстың тақырыбы.** |
|---|
| Дипломдық жұмыстың шегінде ғылыми жаңалықтың мынадай элементтері бар:<br>-«мемлекеттік қаржылық бақылау» ұғымын анықтауға ғылыми тәсілдемелер қорытындыланған;<br>-Қазақстан Республикасында мемлекеттік қаржылық бақылауды жүзеге асырудың нысандары мен әдістері жүйеленген;<br>-бюджеттік қаражаттарды оңтайлы игеруге сыни баға берілген;<br>-қазіргі жағдайларда мемлекеттік қаржылық бақылауды басым дамуының нысаны ретіндегі тиімділік аудитінің өскелең рөлі негізделген;<br>-бюджеттік ресурстарды пайдалануға мемлекеттік қаржылық бақылауды жетілдірудің моделі ұсынылған. |

Дипломдық жұмыстың мазмұны әлемдік және отандық экономикалық ғылымның жетістіктеріне негізделуі, экономика мен қаржылар дамуының объективті заңдылықтарын бейнелеп көрсетуі тиіс.

Дипломдық жұмыс бұрын орындалған оқу (курстық) және ғылыми-зерттеу жұмыстарына негізделуі тиіс, олардың логикалық дамуы және жалғасы болып табылады.

## ІІ. ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫСҚА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

1. Жұмыстың практикалық мәнділіг;
2. Қазіргі алдыңғы қатарлы әдіснаманы қолдану;
3. Проблемаларды шешуге кешендік жүйелі тәсілдеме;
4. Шығармашылық элементтерінің болуы;
5. Мазмұны, көлемі және рәсімделуі бойынша қойылатын талаптарға сәйкестігі.

*Жұмыстың тәжірибелік маңыздылығы.* Берілген талап дипломдық жұмыстың күндізгі оқу бөлімінің студенттерінің диплом алдындағы практикада жиналған мәліметтер және нақты материалдар негізінде жасалуы қажет. Сырттай оқу бөлімінің студенттері жұмыс орны бойынша материалдарды жинақтауға мүмкіндігі болмаса, (кафедра меңгерушісінің рұқсатымен) басқа көздері – басылған мәліметтерді, Интернет материалдарын қолдана алады. Әсіресе, қазақстандық компаниялардың қаржылық есептерінің қазақстандық қор биржасының сайтынды (www.kase. kz) орналасқан мәліметтерді қолдануға болады. Практика кезіндегі кәсіпорын жұмысына тікелей қатысуы, дипломант өз бетінше немесе қызметкерлердің қол астында экономикалық және қаржылық мәліметтерге талдау жүргізуі, жұмысты болашақта жетілдіру үшін теориялық сұрақтарды зерттеуге мүмкіндігі бар. Маңызды мәселе, кәсіпорынның алдында тұрған проблемаларды шешуде нақты материалдарды жинақтау мен талдау болып табылады. Дипломдық жұмыстың мазмұны дәл осы талаптарға сай келуі керек. Дипломдық жұмыстың осылай орындалуы студентке өзінің дайындылығы мен практикалық жұмыстағы жетістіктерін көрсетеді және кәсіпорынға нақты практикалық көмек білдіреді.

*Қазіргі алдыңғы қатарлы әдіснаманы қолдану.* Дипломдық жұмыс қолданғаннан кейін студенттің университеттегі оқуы аяқталады. Студенттер оны дайындау барысында өздерінің білімдерін арнайы курстарға теория және практика жүзінде толықтырады. Сондықтан, дипломдық жұмыс жазған кезде ресми статистикалық мәліметтерге, отандық және шетелдік арнайы экономикалық әдебиеттерге жүгінуі керек.

Диплом жазушы отандық және шетелдік тәжірибиені зерттеу тақырыбын әдеби көздер бойынша, әдістемелік және практикалық мәліметтер бойынша қорытындылау керек – берілген зерттеу объектісінің қазіргі талаптарға сай келуін өзінің жеке тұжырымдамасымен дәлелдейді. Дипломдық жұмыста келтірілген ұсыныстарды негіздеу керек.

*Кешендік жүйелі тәсілдеме.* Дипломдық жұмыстағы қойылған міндеттерді шешіп, зерттеу объектісін танып – біле отырып, объектінің толыққанды ашылуына және оның механизмдерін қамтамасыз етуге, күрделі объектінің байланысының әр түрлі типтерін айқындауға бағытталған және оларды біртұтас теориялық жүйеге келтіретін кешенді жүйелік түрге енгізілуі керек.

Жұмыста терең экономикалық таодаулар келтірілуі қажет және сұрақтардың кәсіпорынның экономикасының тиімді дамуының жүйелік жақындау позициясы тұрғысынан анализі, оның даму бағыттары көрсетілуі керек. Дипломдық жұмыстағы комплексті жүйелік жақындаудың қолданудының практикалық дәлелі болып, автормен жасалған ұсыныстардың тиімділігінің экономикалық және әлеуметтік бағасы болады.

*Шығармашылық элементтердің болуы.* Дипломдық жұмыста түлек мамандығы және практикалық жетіктілігі бойынша теориялық білімі мен қатар экономикалық есептерді шешуде творчестволық ойлай білуі және ғылыми-зерттеу жұмыстарына, жаңа нормативтік және заңнамалық актілерді, зерттеліп отырған проблема бойынша әдістемелік ұсыныстарды ескере отырып, экономиканың практикалық сұрақтарын өнерлік шешу қабілеттігі. Егер студент университетте оқу барысында ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысса, онда дипломдық жұмыстың тақырыбына байланысты ғылыми зерттеулерінің нәтижелері жұмыста көрсетілуі қажет.

Мазмұны, көлемі және рәсімделуі бойынша қойылатын талаптарға сәйкестігі. Жүргізілген зерттеулер бойынша нәтижелердің нақты рәсімделуі толығымен IV және V пунктерде көрсетілгендей толық қойылатын талаптарға сәйкес жүргізілуі керек. Жоғарыда көрсетілген критерийлер бойынша толығымен немесе жартылай сәйкес келмеуі, ғылыми жетекшіге оны пікірде көрсетуге, ал эксперттік комиссияға – жұмысты қайта толықтыруға жіберуге болады.

## III ЖҰМЫСТЫ ДАЯРЛАУ

Күндізгі оқу бөлімінің студенттері дипломдық жұмыстың тақырыбын практикаға кеткенге дейін, ал сырттай және кешкі оқу бөлімінің студенттері – соңғы сессия кезінде таңдайды. Сонымен қатар, тақырыптардың дәл келуі кем дегенде екі студентте қайталануы мүмкін (бір тақырыпты екеуден артық түлек таңдағанда, ол тақырыпты таңдау құқығы алғашқы болып таңдап, арызды бірінші өткізген студентке өтеді).

Ғылыми жетекшілермен тағайындалған дипломдық жұмыстардың тақырыптары кафедра мәжілісіне қаралады, содан кейін Ш. Есенов атындағы КМТжИУ Ректорының бұйрығымен бекітіледі.

Студент және жетекші өндірістік практика бағдарламасына сәйкес жұмыс жоспарын, оның ретін және орындау кестесін құрайды. Сонымен қатар, сәйкес құжат жасалынады, ол ғылыми жетекшінің пікірі және маманның рецензиясымен қатар *дипломдық жұмыстың міндетті қосымшасы* болып табылады. Студент жоспарды дұрыс орындап және жұмысты ғылыми жетекшіге тексеруге уақытында тапсыруы қажет. Әйтпесе, ғылыми жетекші осы жағдайды өзінің пікірінде көрсету құқығына ие.

Күндізгі оқу бөлімінің студенттеріне жоғарыда аталған құжаттар бар болғанда практикаға жолдама хат берілді.

# IV ЖҰМЫСТЫ ОРЫНДАУ

Күндізгі оқу бөлімінің студнттерімен жұмыстың негізгі бөлігі өндірістік практика кезінде орындалады. Жұмыс орындарында студент тақырып бойынша қаржылық операциялардың ерекшіліктерін анықтайды.\, сандық материалдарды зерттейді және жинақтайды, одан кейін сәйкесінше қорытындылар жасап, жұмыстың нақты телімін жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлейді.

Қаржылық қатынастардың арнайы түрін жетілдіру бойынша ұсыныстар негіздене дәлелденуі қажет және қаржылық органның, кәсіпорынның немесе ұйымның аймаққа қарасты шегінен тыс шығуы, нормативтік актілердің, көрсеткіштерді есептеудің өзгертілу қажеттілігін, қорлардың қайта ұйымдастырылуын т.с.с. қамтуы мүмкін.

Қаржылық қатынастардың әдістері мен нысандарын өзгертуіді дәлелдеу үшін олардың қысқаша теориялық түсіндірілуін немесе таихи шолуын, өткен кезеңде қолданылған ұқсас элементтерді, жұмыстың шетел тәжірибиесімен салыстырылуын қарастыруға болады.

Дипломдық жұмыстың мәтіндік орындалуы, әлбетте, өндірістік практиканы өткеннен кейін және ол бойынша ғылыми жетекшіге орындалған жұмысына жүйелі түрде немесе алдын-ала келісілген уақытта есеп беріп отыруы қажет. Бұл кезеңде дипломдық жұмыс *қорғауға дейін 2 жұма қалғанда* бітіріліп, дайындалуы керек. Жұмысты жазу кезінде тәртіпті бұзғандығы және көрсетілген мерзімде орындамағаны үшін ғылыми жетекші студентті қорғауға жібермеу туралы мәселе қоя алады.

# V ЖҰМЫСТЫҢ МАЗМҰНЫ

Дипломдық жұмыс өзінің мазмұны бойынша нақтылы маманы бойынша бітіру курсының студенті дербес дайындаған ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады.

Мыналар дипломдық жұмыстың құрылымдық элементтері болып табылады:

- сырты;
- титульдық парақ;
- дипломдық жұмысты орындау бойынша тапсырма;
- жұмысты орындау графигі;
- мазмұны;
- кіріспе;
- негізгі бөлім;
- қорытынды;
- қосымшалар;
- пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Дипломдық жұмыс ҚР заңнамалық және нормативтік актілерін, оқу және ғылыми әдебиеттерді және мерзімді басылымның материалдары зерделеу базасында проблемаларды кешенді зерттеуді бейнелеп көрсетуі тиіс. Сонымен бірге, пайдалаған көздердің тізімінде *оқу әдістемелік әдебиеттердің сілтемелер жалпы көлемнің үштен бір бөлігінен аспауы керек.*

Басқа жұмыстардың мазмұнын және олардың авторының ойларын баяндағанда, дипломдық жұмыстың авторы екі мағыналы емес анық нұсқау беру

керек. *Дипломдық жұмыстағы мәтінде басқа автордың мәтінімен сәйкес келетіен жағдай болса, дипломдық жұмыс қорғауға жіберілмейді.*

Жұмыстың мазмұны кіріспеде, үш тарауда және қорытындыда ашылады.

Жұмыста міндетті түрде бейнелейтін кіріспені құрайтын негізгі құрамды бөліктерді қарастырайық..

1. Тақырыпты таңдауды негіздеу. Кеэ-келген ғылыми жұмыстың тақырыбын таңдау оның көкейтестілігімен, яғни маңыздылығымен ғана емес, сонымен бірге оны шешудің жолдарын жасау мақсатымен бүгінгі жағдайлардағы проблеманы зерттеу қажеттігімен де байланысты.

2. Кіріспенің негізгі бөлігі оған қол жеткізу үшін зерттеу барысында студент қойған жұмыстың мақсаты мен міндеттері тұжырымдалуы тиіс. Мақсатқа қол жеткізу кіріспеде бейнесін табуы тиіс нақтылы міндеттердің тізбесін шешу жолымен жүзеге асырылады. Мысалы : «Зерттеу үдерісіндегі көрсетілген мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер қойылған: ... мәнін зерттеу, ... қолданыстағы көзқарастарды талдау, ... негізгі әдістерді жүйелеу және т.б »

3. Зерттеудің объекті және предметі. Объект – «бұл проблемалық жағдайатты тудыратын және зерделеу үшін таңдап алынған үдеріс немесе құбылыс. Предмет – бұлобъект шекараларында болатын нәрсе».

4. Зерттеу әдістері. Жұмыста теориялық немесе іс жүзіндегі материалды зерделеу үдерісінде автор паййдаланатын әдістерді көрсету керек.

5. Ақпараттық база. Кіріспеде зерттеудің ақпараттық базасын: нормативтік және әдіснамалық (ҚР Заңдары, ҚР Үкіметінің қаулылары, нұсқаулықтар және басқа материалдар), ғылыми (қазақстандық және шетелдік ғалымдардың және практиктердің еңбектері), статистикалық жинақтарды, шаруашылық жүргізуші субъектілердің (кәсіпорындардың, банктердің, фирмалардың және басқалардың) практикалық материалдарын қысқаша сипаттау қажет.

Кіріспенің көлемі 2-3 бетті құрауы мүмкін.

Жұмыстың мазмұны бөлімінде қаралған сұрақтар проблеманың мәнін, қазіргі жағдайлардағы оның маңызын ашуға жағдай жасайтын логикалық дәйектілікпен құрылуы тиіс. Сонымен бірге, жұмыстың мазмұндық бөлімі автордың ғылыми әдебиетпен жұмыс істей алатындығын көрсетуі, материалды қорытындылай білуі, оны сыни ойластыруды дискуссия жүргізе білуі және проблемалық мәселелер бойынша өзінің көзқарасын тұжырымдай білуін көрсетуі тиіс.

І тарау жұмыс тақырыбының теориялық аспектісінен тұрады. Онда зерттеу құбылысының экономикалық мазмұны мен мағынасы ашылады. Осы тарауда таңдалған дипломдық жұмыстың проблемалық сұрақтарын қарастыруға болады.

ІІ тарау қазіргі жағдайдағы қызмет ету практикасын бейнелейді.

Жұмыста зерттеу объектісінің сипаттамасы беріледі: жалпы мәліметтер, қаржылық жағдай, қаржылық қызмет субъектісінің қызмет етуінің нәтежелілігінің деңгейіне сипаттама беріледі. Оларға практикалық талдау жүргізіледі және мүмкін болатын тиімді немесе қалыпты жағдайдан ауытқудың факторлары мен себептері анықталады. Талдау жекелеген көрсеткіштерг, үрдістердің ұйымдастырылу жүйесіне, жүргізілу тәртібіне, жалпы тұтас объектіге қатысты жүргізе алады. Талдау нәтижелерінің негіздемесі нақты мәліметтерге, бухгалтерлік және статистикалық есеп берудің сандық көрсеткіштеріне, қаржы жоспарларына, болжаулар мен есеп берулерге, түсініктеме қолхатына, нұсқаулар мен сілтемеме жүргізіледі.

Мазмұндық бөлім, сондай-ақ дәлелдеушіліктің әдістері мен аргументациялық қабылдауларды автордың иеленуін көрсетуі тиіс. Экономистке бұл үшін жақсы құрал цифрлық материал болып табылатынын ескеру қажет. Дипломдық жұмыс үшін нақтылы шаруашылық жүргізуші субъектінің практикалық материалы міндетті пайдалануы тиіс. Жұмыста мрзімді басылымда жарияланған статистикалық жинақтардан немесе жиналған және жүйеленге цифрлық материал пайдалануы мүмкін. Алайда кестелік, графикалық және басқа нысанда берілген цифрлық материал талданылуы тиіс. Дипломдық жұмыстың кең тараған қатесі цифрлық материалды талдаусыз және түсіндірмей беру.

Цифрлық материал талдамалық кестелерде және граффик, диаграмма, құрылымы мен құраманың 3-5 жылдардың динамикасында жинақталады және жеке жағдайлар мен қорытындыларды суретпен бейнелеу үшін жұмыстың мәтінінде, сондай-ақ осымшада келтіріледі. Негізгі мәтіндегі кестелер шектен тыс үлкен болмауы керек. Неғұрлым көлемді цифрлық мәліметтер, әсіресе толық кестелер қосымшаға енгізілуі керек.

Үшінші тарау теориялық және қолданбалы сипатта болады. Мұнда студент дипломдық жұмыстың тақырыбына сәйкес теориялық дамуын және оның тәжірибиеде қолданылуын көрсете алады. Зерттеу объектісінің даму тиімділігін көрсететін нақты есептеулер ұсынылуы мүмкін. Теория мен тәжірибиенің мәселелі сұрақтары авторлық сипатта бола алады. Үшінші тарауда зерттеу құбылысының даму болашағы анықталады және қызмет ету пролемалары зерттеледі, дамуы бойынша ұсыныстар міндетті болуы керек және есептеулермен бекітілуі тиіс.

Қорытынды – бұл автордың жүргізген зерттеудің нәтижесінде жасайтын түйіндер мен ұсыныстары. Сондықтан қорытынды бүкіл жұмыс орындалғаннан кейін жазылады.

Қорытындыда жұмыста қаралмаған мәселелер бойынша түйіндер болмауы тиіс.

Қорытындының көлемі кіріспеден аз болуы тиіс. Тиісінше 1,5-2 бет болуы керек.

Жұмыстың мазмұны тақырыптаманың негізгі тараулары бойынша мыналарға саяды.

## А. ҚАРЖЫЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ

Қаржылық қатынастардың спектрі және кәсіпорынның қаржы сласындағы функциялық үдерістер жеткілікті түрде кең ауқымды болғандықтан жұмыс құрылымы тақырыптың ерекшеліктеріне байланысты құрылуы қажет.

Жұмыстың теориялық бөлігінде шаруашылықтың ұйымдастырушылық – құқықтық нысаны және кәсіпорынның атқаратын қызметінің түріне байланысты қандай да бір процесстер мен қатынстардың мәні мен мазмұны ашылуы тиіс. Талдау талған тақырып бойынша әлемдік және қазақстандық әдебиеттерді ( оның ішінде мерзімдік басылымдар ) оқу арқылы, оның қысқаша мазмұны баяндалады және пікір жасалынады. Сонымен бірге, көбінесе жұмыстың теориялық әдістерді тәжірибеде қолдану мәселесіне арналған ғылыми – зерттеу сипаты басым болуы тиіс.

Жұмыстың тәжірибелік бөлігінде өндіріс резервтерін анықтау, ақшалай қаражаттардың шығынын азайту және қаржылық жағдайды нығайту үшін

кәсіпорынның қаржы – шаруашылық қызметіне білікті талдау жасалынуы шарт. Сонымен бірге, нормативтер, коэфициенттер, қаржылық – экономикалық мониторинг көрсеткіштері арқылы қаржылық тұрақтылықты жоғарылату, коммерциялық тәуекелді төмендету, барлық құралдарды тиімді пайдалану мақсатында кәсіпорынның ақшалай қаражаттарының ағымын басқару механизмін дұрыс жолға қою мәселесіне баса көңіл аудару керек.

Ары қарай, атқарылған жұмыстың мәнін, негізгі нәтижелерін және әдістерін көрсететін және тақырыптың дамуының қабылданған бағытын таңдауға негіздеу, міндеттерді шешу әдістердддді және олардың салыстырмалы бағасын, есептеу әдісін, құрастырылған объектінің әсер ету қағидаттары, олардың сипаты, нәтижелері жалпылау және оларға баға беру және т.б. мәліметтерді көрсету керек.

Тұжырымдар мен ұсыныстардың нгізінде қаржылық көрсеткіштердің есептеу әдісі қолданылады; сәйкес есептіліктің алынған көлемнің негіздемесі. Жұмыста келтірілген есеп-қисаптың негізін құраған кәсіпорынның қаржылық есептілігі диплом жұмысына (пайдаланылған әдебиеттер тізімінен кейін қосымша ретінде) міндетті түрде қосылады.

## Б. САҚТАНДЫРУ

Зерттеу үшін таңдалған жұмыс рынок жағдайларында сомаға байланысты қатынастар жүйесіндегі орында қызмет ету позициясы жағынан зерттеуге таңдалған сақтандыру категориясына сәйкес келу керек: мүліктік немесе әлеуметтік жағдайының тұрақтылығын қамтамасыз етуге әсеріне сәйкес келу керек.

Қазіргі кезде рыноктық экономика позициясынан сақтандыру мәселелерін шешуде дәстүрлі емес шешімдер қабылдау өте қажет болып отыр.

Оларды енгізген кезде қазіргі жағдайларда (талаптарға) зерттелетін сақтандыру қатынастар тобының атқаратын рөлі мен мәнін көрсету қажет. Сонымен қатар тақырыптылық актуалдығын, зерттеу мақсатын, міндетін және объектісін, осы тақырыпты ашу көзі болып табылатын ақпараттық базаны (қолданылатын әдебиетте 155 әдебиеттен кеш емес ақпарат көрсету керек) ашып көрсету керек.

Бірінші бөлім теориялық болып табылады және дипломдық жұмыс көлемінің көлемін құрайды. Онда сақтандыруды қазіргі жағдайларда оның қызмет ету позициясы ретінен рөлі мен мәнін ашып көрсету керек.

Жұмыстың тәжірибиелік (практикалық) бөлімінде сақтандыру компанияларының жылдық есеп берулерін талду жүргізу керек, жалпы сақтандыру нарығын таңдап алынған сақтандыру операциялары бойынша талдау жүргізу керек, қазіргі жағдайларда сақтық қарым-қатынастардың дамуының теріс және оң факторларын ерекшелеп көрсету керек. Өткен кезеңге салыстырмалы мәліметтер негізінде сақтандырудың жаңа формаларын, әдістері мен түрлері қолданылудың мақсаттылығы туралы сақтандыру нарығы конъектурасы мен шоттарын қолдана отырып сақтық компаниялардың қызмет етуі туралы қорытынды жасап, ұсыныстар беру.

Максималдық пайда табу мақсатымен сақтандыру нарығына әсер ету мен интегралды әдісі ретінде маркетинг жүйесіне ерекше назар аудару керек. Жұмыста сақтанушының қызметіндегі экономикалық қаржылқ және ұйымдастырушылық жетістіктері немесе жетіспеушіліктерінің себептерін табу мен оны жан-жақты

талдау үшін жағдайлар жасайтын актуалды калькуляцияның рөлі ашып көрсету дұрыс болады. Жұмысты сақтандыру операцияларының (жарғылық, меншік қатынасының мөлшері, сақтандыру резервінің болуы), инвестициялық қызметінің қайта сақтандыру жүйесінің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету шарттарына талдау жүргізу керек. Сақтандыру және қайта сақтандыру менбақылау қызметін халықаралық реттеу стандарттарын енгізеде республиканың сақтандыру рыногының даму перспективаларымен қызмет ету мәселелерін ашып көрсету керек. Жұмыста заңнамалық базаның салыстырмалы талдауы. Қазақстанның жағдайында оңтайлы шетел тәжірибиесін енгізу позициясы жағынан шетелдегі сақтық қатынастырдың дамуын көрсетуге болады. Әр бөлімнің соңында дипломдық жұмысты қорғау процесінде баяндамаға негіз бола алатын қорытынды жасау керек. Қорытынды бөлім теориялық және практикалық сипаттағы негізгі тұжырымдардан тұрады.

## В. САЛЫҚ ЖӘНЕ САЛЫҚ САЛУ

Салық салу бойынша диплом жұмысын орындау барысында таңдалған тақырыптың барлық аспектілерін толық және дұрыс ашу маңызды мәнге ие. Дипломдық жұмыстың нәтижесі студенттердің аналитикалық ойлау машықтарын көрсетеді, көзқарастарын дәлелдей білуі, болашқ кәсіби қызметі сферасына жтатын материалдарды сауатты мазмұндау және рәсімдеу дағдысына ие болуы қажет.

Жетекшімен келісілген жұмыс жоспарын алғаннан кейін, студент оқулықтар мен оқу құралдарын, монографияларды, заңнамалық актілерді, мерзімді басылымдардағы ғылыми мақалаларды, сол сияқты статистикалық мәліметтерді терең зерттеуге кіріседі. Кіріспе зерттеу объектісінің қысқаша сипаттамасынан, мемлекет экономикасының дамуының қазіргі кезеңдегі тақырыптың өзектілігін, сонымен қатар мәселенің шешілу дәрежесін ашудан тұрады. Кіріспеде дипломдық жұмысының мақсаты мен мндеттері айқын тұжырымдалуы керек.

Бірінші тараудың теориялық-ақпараттық сипатта сонымен байланысты зерттелетін мәселенің теориялық аспектілері шолу түрінде қарастырылуы қажет. Онда зерттелетін салықтың мәні мен мазмұны, қажеттілігі, оның даму эволюциясы, сол сияқты дамыған шет мемлекеттердегі әрекет ету тәжірибиесі ашылады.

Екінші тарау қарастырылатын салықтық есептеу мен алудың қазіргі механизиіне аналитикалық тұрғыдан келуге, оның бюджет кірістеріндегі рөліне, басқа төлемдермен салыстырғандағы сипаттамасына арналады. Студент сонымен бірге соңғы 3-4 жыл ішіндегі санақ мәліметтерді талдау және оларды аналитикалық кестелер түрінде мазмұндауға тиіс.

Үшінші тарау зерттелетін салықтың кемшіліктері мен қызмет етуіне, олардың туындау себептерін айқындауға, сол сияқты олардың алдын-алу мен шешілуіне мүмкіндік беретін өз ұсыныстарын негіздеуге қатысты мәселелерді қозғауы қажет, ары қарай даму тенденциясын болжауға тырысуы қажет.

Қорытындыда орындалған жұмыс бойынша жинақтаушы тұжырымдар, оның теориялық және практикалық мәні көрініс табады, сонымен қатар зерттелген мәселеге автордың өзіндік бағасы, оның болашағы мен ары қарй жетілдіруін қатысты көзқарас беріледі.

Дипломдық жұмысқа көрнекілік мәнге ие немесе көлемділігіне байланысты жұмысқа енбей қалған қарастырылған практикалық аспектілеріне (есептер,

кестелер) қатысты материалдардың көрініс табуы үшін қажетті қосымшаларды енгізу ұсынылады.

## VI ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫСТЫ РӘСІМДЕУ

Дипломдық жұмыс бір интервал арқылы орындалуы тиіс. Шрифт – кәдімгі 14 кегль.

Поялардың мөлшерлері: сол жағы – 30мм, оң жағы – 10мм, жоғары жағы – 20мм және төменгі жағы – 25мм.

Дипломдық жұмыстың көлемі әдеттегідей 60-90 бетті құрауы тиіс. Дипломдық жұмыстың беттерін бүкіл мәтін бойынша өтетін номерацияны сақтай отырып, араб цифрларымен номерленуі тиіс.

Беттің номері парақтың төменгі бөлігінің ортасына қойылады. Беттерді номерлеу 5-ші бет болатын кіріспеден басталады. Жекелеген парақтарда орналастырылған иллюстрациялар мен кестелер дипломдық жұмыс беттерінің жалпы номерлеуін кіріктіреді.

Дипломдық жұмыстың «Мазмұны», «Нормативтік сілтемелер», «Анықтамалар», «Белгілер мен қысқартулар», «Кіріспе», «Қорытынды», «Пайдаланылған әдебиеттер тізімі» құрылымдық элементтердің атаулары жұмыстың құрылымдық элементтерінің бас бөлімдері болып табылады.

Жұмыс титулды бетті, мазмұнды, кіріспені, 3 бөлімді, қорытындыны, пайдаланған әдебиеттер тізімін (олардың қолданылуы жұмыстағы сноскалармен көрсетіледі) және қосымшалардан қамтуы тиіс. Жекелеген жағдайларда (егер әр бөлім кем дегенде 5 параграфтан тұрса) тек 2 тарау да рұқсат етіледі. Егер зерттеу объектісі кәсіпорын болса, қосымшада міндетті түрде баланс немесе қаржылық есеп берудің басқа да формалары болуы керек (тақырыпқа байланысты).

Дипломдық жұмыстың әр бөлімін жаңа парақтан (беттен) басталуы тиіс. Бір бөлімнің ішіндегі қосалқы бөлімдер бөлек жазылады және мәтіннен екі жолмен төмен өзара бөлінеді. Сонымен бірге, мәтіннің 1-2 жолы жаңа бетке көшірілмейді.

Иллюстряциялар компьютерлік атқрылымда, соның ішінд әр түсті болуы мүмкін. Қосымшалардың иллюстрияциясын қоспағанда иллюстрияцияларды араб цифрымен номерлеу керек.Егер сурет біреу болса, онда ол «1 - сурет» деп белгіленеді. «Сурет» сөзі және оның атауы жолдың ортасында орналасады.

*Кестенің аты*оның мазмұнын бейнелеуі, дәлме-дәл, қысқа болуы тиіс. Кесенің атауын кестенің үстіне *азат* жолымен келесі бетке «1 - кесте» сөзінен кейін орналастыру қажет. Кестелерді бірінші айтылған жерде немесе келесі бетте тікелей мәтіннен кейін орналастыру керек.

